

Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекеттің сыйлықақысын есептеу және төлеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 464 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылды 23 қарашада № 8094 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 28 шілдедегі № 551 бұйрығымен.

**Ескеरту. Күші жойылды – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 28.07.2023 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекеттің сыйлықақысын есептеу және төлеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.
3. Бюджеттік кредит беру, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің концессиялық жобалары мен бюджеттік инвестициялары департаменті (А.С. Есенов) белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрық ол алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2012 жылғы 18 қазандағы  
№ 464 бұйрығымен  
бекітілген

**Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекеттің сыйлықақысын есептеу және төлеу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу және төлеу қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Зан) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышы жинақ банктеріндегі тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекет сыйлықақысын (бұдан әрі - мемлекеттің сыйлықақысы) есептеу және төлеу тәртібін анықтайды.

## **2. Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдары бойынша сыйлықақыны есептеу және төлеу тәртібі**

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының, оның ішінде кәмелеттік жасқа жетпеген, он сегіз жасқа толмаған азаматтарының тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдары бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу және төлеу тұрғын үй құрылышы жинақ банктерінде жүзеге асырылады.

Салымшының өтініші бойынша мемлекет сыйлықақысы бір тұрғын үй құрылышы жинақ банкіндегі бір шотқа ғана есептеледі.

3. Жинақтау мерзімі өткен кезде және тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасын салымшы жинақ ақшаның ең төменгі қажетті мөлшерін жинақтамаған жағдайда, ол тұрғын үй құрылышы жинақ банкі оған сыйақы есептеген салымды, сондай-ақ үш жылдан артық жинаған кезде мемлекет сыйлықақысын алуды не мемлекет сыйлықақысы есептелген тұрғын үй құрылышы жинақ банкінде жинақтауды жалғастырады.

Мемлекеттің сыйлықақысы тұрғын үй қарызын алған кезге дейін есепке жазылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.05.2018 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Жыл сайынғы мемлекет сыйлықақысының мөлшері көтермеленетін салым сомасының жиырма пайызын құрайды. Мемлекет сыйлықақысымен көтермеленетін салым тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салынған салым сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны қамтиды.

5. Мемлекет сыйлықақысымен көтермеленетін жинақталған ақша сомасы бір күнтізбелік жыл үшін екі жұз есе айлық есептік көрсеткіштен асуы мүмкін емес.

Егер мемлекет сыйлықақысын көтермеленетін жинақталған ақша сомасы мөлшері тиісті жылға арналған Республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін екі жұз айлық есептік көрсеткіштен асып кетсе, онда көтермеленбей қалған жинақталған ақша сомасын келесі жылы сыйлықақы есептеу кезінде тұрғын үй құрылышы жинақ банкі ескереді.

Ағымдағы жылды мемлекет сыйлықақысы өткен жылдарға көтермеленген жинақталған ақшаның сомасына есептелмейді.

6. Мемлекет сыйлықақысын төлеу:

1) шарттық соманы төлеген кезде;

2) салымшы салымды тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шартты жасасқан күннен бастап, бұзған күн арасында үш жылдан астам жинақтаған болса, тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шартты мерзімінен бұрын бұзған кезде жүзеге асырылады.

7. Салымшы тұрғын үй қарызының бір бөлігін мақсатсыз пайдаланған кезде мемлекеттің сыйлықақысы тұрғын үй қарызының мақсатсыз пайдаланылған бөлігіне тепе-тең бөліктө бюджетке қайтарылуға жатады.

8. Бұдан бұрын оған жинақтау мерзімі үш жылға жетпейтін тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шарт(тар) қосылған жинақтау мерзімі тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шартты бұзу күніне үш жылдан асқан тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде оған қосылған жинақтау мерзімі үш жылға жетпейтін тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шарт(тар) бойынша біріктірілгенге дейін есептелген мемлекет сыйлықақысы төленбейді және бюджетке қайтарылуға жатады.

Егер қосылған тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шарт(тар) бойынша тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шартты бұзу күніне үш жылдан аса уақыт өтсе, онда біріктірілгенге дейін есептелген мемлекет сыйлықақысы бюджетке қайтарылуға жатпайды.

9. Бірнеше тұрғын үй құрылышы жинақ банктерінде тұрғын үй құрылышы жинақтарының салымдары бойынша екі және одан артық шоттар бойынша тұрғын үй құрылышы жинақтарының бір салымшысына мемлекет сыйлықақысы төленгенін бюджеттік бағдарлама әкімшісі тапқан жағдайда, тұрғын үй құрылышы жинақ банкі мемлекет сыйлықақысын қайтаруды бюджеттік бағдарлама әкімшісінің жазбаша өкімі негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, өткен жылдарға есептелген мемлекет сыйлықақысы салымшының таңдауы бойынша тұрғын үй құрылышы жинақтарына салымдардың біреуі бойынша есептелген сыйлықақыны қоспағанда, бюджетке қайтаруға жатады.

Егер әртүрлі қаржы жылдарында мемлекет сыйлықақысы Заңның 3-бабының 3-тармағына сәйкес оның таңдауы бойынша тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасын салымшының әртүрлі шоттарына есептелсе, мемлекет сыйлықақысын қайтару жүзеге асырылмайды.

10. Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы бір шарт бойынша шарттық соманы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы бірнеше шарттарға бөлген кезде мемлекет сыйлықақысы бөлінген салымдарға бара-бар бөлінеді.

11. Тұрғын үй құрылышы жинақ банкі Заңың 11-бабында көзделген жағдайларда, салымшыдан мемлекет сыйлықақысы сомасын қайтарған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей республикалық бюджетке мемлекет сыйлықақысын аударады.

### **3. Мемлекет сыйлықақысын есептеу, аудару және оларды тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы салымдарының есебіне жатқызу мерзімі**

12. Тұрғын үй құрылышы жинақ банкі жыл сайын есепті жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың бюджеттік өтінімін енгізу үшін тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақы төлеу жөнінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне мемлекет сыйлықақысын есептеудің болжамды есептерін ұсынады.

13. Тұрғын үй құрылышы жинақ банкі қаржы жылдының қорытындысы бойынша келесі жылдың 15 қантарына дейін әрбір салымшыға есептейді де бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне салымдар бойынша тиесілі мемлекет сыйлықақысы есептелген сомасының түпкілікті есебін ұсынады.

14. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тұрғын үй құрылышы жинақ банкінен мемлекет сыйлықақысы сомасының түпкілікті есебін алғаннан кейін есептіден кейінгі жылдың 10 ақпанына дейін тұрғын үй құрылышы жинақ банкінің корреспонденттік шотына мемлекет сыйлықақысының жалпы сомасын аударады.

15. Тұрғын үй құрылышы жинақ банкі бюджеттік бағдарламаның әкімшісінен жалпы соманы алған күннен бастап, тұрғын үй құрылышы жинақ банкі мен оның салымшылары - Қазақстан Республикасының азаматтары арасында жасалған тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шарттар бойынша мемлекет сыйлықақысын есепке жатқызуды осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жүргізеді.

Мемлекет сыйлықақысы салымшының шотына есептіден кейінгі жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде есепке жатқызылады.

16. Егер тұрғын үй құрылышы жинақ банкі осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жіберілген мемлекет сыйлықақысының жалпы сомасының түпкілікті есебін нақтылауына байланысты тиісті жылға бюджетте көзделген мемлекет сыйлықақысының жалпы сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, тұрғын үй құрылышы жинақ банкі мемлекет сыйлықақысының жетіспейтін сомасын бюджетке қайтарылуға жататын қаражаттың және (немесе) өз қаражаты есебінен салымшылары - Қазақстан Республикасының азаматтарының шоттарына есепке жатқызуды жүзеге асырады.

Тұрғын үй құрылышы жинақ банкі мемлекет сыйлықақысының өз қаражаты есебінен төленген сомасын бухгалтерлік есебінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне дебиторлық берешек шоттарының есебіне жазып көрсетеді.

Республикалық бюджетті нақтылау туралы шешім қабылдау кезінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға тұрғын үй құрылышы жинақ банкі өз қаражаты есебінен төлеген мемлекет сыйлықақысының жетіспейтін сомасына тұрғын үй құрылышы жинақ банкі берген деректердің негізіндегі бюджеттік өтінімді ұсынады.

Тиісті жылға арналған Республикалық бюджетті нақтылау туралы заңды бекіткеннен кейін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тұрғын үй құрылышы жинақ банкі өз есебінен салымшыларының - Қазақстан Республикасының азаматтарының шоттарының есебіне жатқызыған, мемлекет сыйлықақысының жетіспейтін сомасын тұрғын үй құрылышы жинақ банкінің шотына аударады.

#### **4. Мемлекет сыйлықақысының есеп айырысу және оны капиталдандыру**

17. Мемлекет сыйлықақысы осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген мөлшерде есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша есептеледі.

18. Мемлекет сыйлықақысының жоспарлы сомасын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

Ажс=Т+С-Ш

мұнда

Ажс - мемлекет сыйлықақысымен көтермеленетін есепті жыл салымының сомасы;

Т – есепті жылдағы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдарға түсетін түсімдердің жоспарлы сомасы;

С – есепті жылы салымшылардың шоттарына тұрғын үй құрылышы жинақ банкі есептейтін сыйақының жоспарлы сомасы;

Ш - есепті жылы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы шарттардың бұзылу нәтижесінде тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдарынан шығатын қаражаттың жоспарлы сомасы.

19. Есепті жыл салымының мемлекет сыйлықақысымен көтермеленетін, ол бойынша есептіден кейінгі жылы мемлекет сыйлықақысы есептелетін және төленетін сомасын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

Ажс = Ж - Өжс-Ес,

мұнда

Ажс – екі жүз еселік айлық есептік көрсеткіш шегінде есепті жыл салымының мемлекет сыйлықақысымен көтермеленетін сомасы;

Ж - есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақталған қаражат сомасы;

Әжс - өткен жылдардағы салымның мемлекет сыйлықақысымен көтермеленген сомасы;

Ес - өткен жылдарда есептелген мемлекет сыйлықақысының сомасы.

20. Мемлекет сыйлықақысының сомасын Бюджеттік бағдарлама әкімшісінен түскеннен кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тұрғын үй құрылышы жинақ банкі салымның негізгі сомасын ұлғайту есебіне жатқызады, яғни жылына бір рет, жинақ шоттарына іс жүзінде есептеу сәтінде капиталданады.

Салымшы тұрғын үй қарызын ресімдеуге және оны 1 қаңтардан бастап салымшылардың шоттарына мемлекет сыйлықақысы іс жүзінде есепке жатқызылуына дейін алуға өтініш берген жағдайда мемлекет 1 салымшының шотына есепке жатқызылады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2012 жылғы 18 қазандығы  
№ 464 бұйрығына  
қосымша

### **Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1) "Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекет сыйлығын төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 274 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3772 нөмірімен тіркелген, "Зан газеті" газетінде 2004 жылғы 7 қазанда № 185-186 (919-920) жарияланған);

2) "Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекет сыйлығын төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 274 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 3 сәуірдегі № 105 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4613 нөмірімен тіркелген. "Зан газеті" газетінде 2007 жылғы 22 маусымда № 94 (1297) жарияланған);

3) "Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекет сыйлығын төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 274 бұйрығына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 қарашадағы № 410 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5028 нөмірімен тіркелген. "Зан газеті" газетінде 2007 жылғы 20 желтоқсандағы № 193 (1396) жарияланған);

4) "Тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекет сыйлығын төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 274 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 26 қарашадағы № 584 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6655 нөмірімен тіркелген. "Казахстанская правда" газетінде 2011 жылғы 15 қаңтарда № 13-14 (26434-26435) жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК